

Мадалиева Ж.Қ.

*философия ғылымдарының кандидаты, университет доценті,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және
әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы
zhanna_madaliyeva@mail.ru*

ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа

Мақалада философияда құндылық ұғымына байланысты қалыптасқан ойтолғаулар жан-жақты қарастырылады. Автор құндылық категориясына қатысты көзқарастардың генезисі мен эволюциясын талдайды және өз зерттеуін антика дәуірінен, ең алдымен, «игілік», «сұлулық», «ізгілік» ұғымдарымен тығыз байланысты соқраттық, платондық және аристотельдік құндылықты түсіндіру тәсілдемелерінен бастайды. Бұл дәстүр эллинизм өкілдерінің көзқарастарында жалғасын табады. Құндылықтардың мәні мен мазмұны, адам өміріндегі рөлі туралы пайымдаулар ортағасырлық, қайта өрлеу, жаңа заман және ағартушылық дәуірлері ойшылдарының ілімдерінде жалғасады. Мақалада осы ілімдерде құндылық ұғымы әртүрлі қырларынан қарастырылатыны атап өтіледі. Егер ортағасырлық философияда теологиялық аксиология негізделініп, дамыса, жаңа заман және ағартушылық дәуірі жаңа құндылықтарды алға тартады. Осылай көптеген ғасырлар бойы құндылықтардың жаңа мағыналық концептері қалыптасады. Осы концептерді талдау құндылықтардың мәні мен мазмұнын барынша терең қарастыруға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: құндылық, игілік, ізгілік, сұлулық, адам, шынайы, идеалды, аксиология.

MadaliyevaZh. K.¹

*¹candidate of philosophical sciences, associate professor of all-university department of political science and social and philosophical disciplines of KAZNPU of a name of Abay,
zhanna_madaliyeva@mail.ru*

Formation and development of the idea of value in the history of philosophy

Abstract

The article discusses in detail the philosophical approaches to the interpretation of the concept of value. The author presents the genesis and evolution of views on the category of value and begins his research with antiquity, primarily with Socratic, Plato and Aristotelian understanding of value, organically linked with the concepts of "good", "beauty" and "morality". This tradition finds its continuation in the views of representatives of Hellenism. Reflections on the nature and role of values continue in the teachings of medieval thinkers, the Renaissance, the new age and enlightenment. The article emphasizes that these exercises address various aspects of the concept of value. If in the philosophy of the Middle Ages, theological axiology received its approval and development, then the new time and epoch of enlightenment brought with them new values. Thus, for many centuries, all new semantic concepts of value have been formed. The study of these concepts makes it possible to fully reveal the essence and content of values.

Keywords: value, good, morality, beauty, man, real, ideal, axiology.

Мадалиева Ж.К.¹

кандидат философских наук, доцент университета, кафедра политологии и социально-философских наук Казахского национального педагогического университета имени Абая
zhanna.madalieva@mail.ru

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ИДЕИ ЦЕННОСТЬ В ИСТОРИИ ФИЛОСОФИИ

Аннотация

В статье подробно рассматриваются философские подходы к трактовке понятия ценности. Автор представляет генезис и эволюцию взглядов на категорию ценность и начинает свое исследование с античности, в первую очередь, с сократовского, платоновского и аристотелевского понимания ценности, органически связанного с понятиями «благо», «красота» и «нравственность». Эта традиция находит свое продолжение в воззрениях представителей эллинизма. Размышления о сущности и роли ценностей продолжаются в учениях мыслителей средневековья, эпохи возрождения, нового времени и просвещения. В статье подчеркивается, что в данных учениях рассматриваются различные аспекты понятия ценность. Если в философии средневековья получила свое утверждение и развитие теологическая аксиология, то новое время и эпоха просвещения принесли с собой новые ценности. Таким образом, на протяжении многих веков формируется все новые смысловые концепты ценности. Изучение данных концептов дает возможность в полной мере раскрыть сущность и содержание ценностей.

Ключевые слова: ценность, благо, нравственность, красота, человек, реальное, идеальное, аксиология.

«Құндылық» ұғымы әмбебап сипаттағы философиялық категория ретінде философияға ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарында неміс философы Р. Г. Лотценің «Тәжірибелік философияның негізі» трактаты және «Микрокосмос» шығармасы арқылы енді. Ол құндылықтардағы объективті мен субъективтінің арақатынасы туралы мәселені көтеріп, «құндылық» ұғымын логика, метафизика қарастыратын мәселелер қатарына қосып, классикалық құндылықтар теориясының қалыптасуына атсалысты. Р.Г. Лотце «құндылық» ұғымына болмыс үшін де, таным үшін де маңызды болып табылатын категориялық мән берді. Осыған орай, ХІХ ғасырда құндылықтар туралы теория ретінде аксиологияның пайда болуын (грек тілінде «axia» - құндылық және «logos» - ілім) осы тұлғаның, яғни Р.Г. Лотценің атымен байланыстырады. Аксиология – құндылықтар жаратылысы туралы, оның орны мен құндылықтар құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім.

Батыс философиясы үшін «құндылық» ұғымы жоқтан пайда болған жоқ, бұл бағыттағы ізденістердің алғашқы көріністерін антика дәуірі ойшылдарының тұжырымдарынан байқауға болады. Құндылықтар ұғымын қарастыру дәстүріне көңіл бөлсек, ол туралы түсініктің философия тарихының өн бойында «руханилық», «идеал», «ізгілік», «өнегелік» секілді ұғымдармен қатар дамып отырғанын көреміз. М. Хайдеггер «гректерде бағалау туралы түсініктер болмады және құндылық ұғымын білмеді», - десе де [1, С. 41], антика философиясынан құндылықтар әлеміне қатысты пайымдауларды кездестіреміз. Ол пайымдаулар игілік мәселесін талқылау барысында орын алған болатын. Гректердің ойлау жүйесінде игілік ұғымы болмыстың мәнімен ұштасып жатады, сондықтан, аксиология мен онтологияның аражігі бөлінбеген, біртұтас болып келеді. Сократ пен Платоннан басталған бұл дәстүр, Гегельге дейінгі бүкіл еуропалық идеалистік философия үшін айқындаушы бағытқа айналды. Ж.Ж.Қуанышбаева да осындай пікір тұжырымдайды: «Жалпы құндылықтық қатынастарды айқындау, әлеуметтік бейнесін жасау, зеттеуге әр кезеңнің көрнекті ғалымдары өзінше үлестерін қосқан. Мысалға Платон жоғарғы құндылық абсолютті түрде өмір сүреді, ал Аристотель құндылықтарды адамның даналығының өлшемі ретінде көрсетеді» [2, 133 б.], яғни антикалық дүниетаным терең аксиологиялық сипат алған деуге болады. Архаикалық дүниетаным алуан түрлі формадағы әлемдік болмысты әдемі, игілікті және шынайы ретінде бағаланады. Пифагордың космологиясы бұған айшықты дәлел бола алады. Ол үшін «ғарыш» ұғымы тек әлем, тәртіп, үйлесімділік қана емес, сонымен қатар әдемілік. Шын мәнінде, Сократқа дейінгі философияның барлығы әлемді асқан сұлу, оң болмыс ретінде бағалаған. Тек Сократ бірінші болып сұлулық, игілік айрықша құбылыс болғандықтан

ерекше бағалауды қажет етеді деген идеяны ұсынған. Сократ өз пайымдауларында адамға, оның дұрыс өмір сүруіне көңіл бөлгені белгілі. Оның ойынша, адамның өмірінің мәні бақытты, дұрыс өмір сүру, яғни адам ізгілікті өмір сүруге ұмтылуы қажет. Дұрыс өмір - ол ізгілікті өмір. Ізгіліктен туындайтын барлық іс-әрекеттер тамаша болып табылады. «Сократ «құндылық», «әділет», «ақиқат» және «сұлулық» сияқты ұғымдардың ақиқат мәнін сұрақ-жауап әдісінің көмегімен табуға тырысады... Сократ «ізгілік – басты құндылық» дегенді ұстанады. Ешқандай сыртқы себеп адамды ізгіліктен айыр алмайды...Сократтың басты пайымы: ізгілік – білімнен, дұрыс іс-әрекет рационалды түсінуден туындайды. Барлық адам ізгілікті қалайды. Ал олар жасайтын кез келген зұлымдық олардың ізгіліктің не екенін білмеуінен пайда болады [3, 17-18 бб.]. Яғни, дұрыс өмірдің не екенін білетін адам жаман іс-әрекеттер жасамайды, егер игілік, батылдық, әділеттіктің не екенін жетік білсе, батыл, әділетті, ізгілікті іс-әрекеттер жасайды.

Сократтың шәкірті Платон шынайы және идеалды болмысты екіге бөледі, онда құндылық «Игілік, ақиқат, сұлулық» идеяларының ең жоғарғы көрінісі болып табылатын, онтологиялық табиғаты жағынан идеалды объективті шындық. «Филеб» диалогында Платон адамдар мен құдайлар үшін құнды, қымбат болып табылатын «ең жоғарғы игілік» - құндылықтардың бірінші классификациясын жасады деуге болады [4]. Құндылықтар иерархиясының сатылары ретінде: игілік; «асқан сұлулық, кемел»; «ақыл, түсіну»; жанның өзінің қасиеттері – білім, өнер, «дұрыс пікір»; білім мен түйсікпен бірге жүретін жанның рахаттануы. Асқан сұлулықтың мәнін Платон «Пирде» қарастырады және оны Сұлулық идеясының мәңгі, салыстырмасыз, өзгермейтін көрінісі ретінде анықтайды. Шын мәнінде, Платонның көзқарасы бойынша құндылықтар категориясы материалды әлемде кемелдіктен алшақ көшірме түрінде көрініс табатын адамгершілік және эстетикалық идеалдардың іске асуы болып табылады.

Болмыс пен игіліктің, болмыс пен асқан сұлулықтың тепе-теңдігінің қажеттілігі туралы пікір білдірген Аристотель Платонның тұжырымын қолдамады. Алайда, ақиқат пен «пікірді» бөлек қарастырып, Аристотель асқан сұлулық болып көрінетінмен іс жүзінде асқан сұлулықтың аражігін ажыратады. Сократтың ойын жалғастыра отырып, Аристотель асқан сұлулықты мақсатқа сәйкестік, лайықтылық тұрғысынан негіздеуге тырысады: «Асқан сұлулық пен асқан сұлулық емеске қатысты іс-әрекет өз бетінше ғана емес, оның ақырғы мақсаты не және не үшін жүзеге асуда – сол арқылы ажыратылады» [5, С.661]. Энтони Кеннидің пікірінше: « «Филебте» баяндалған жақсы өмірдің өлшемі Аристотельдің осы тақырыптағы толғанысында қайта жаңғырады. «Никомах этикасының» басында айтылғандай, біз іздеген ізгілік басқа мақсаттармен салыстырғанда мінсіз болуы керек. Яғни ол басқа нәрсе үшін емес, тек өз мүддесі үшін ізденісте болғаны жөн; өзіне-өзі жеткілікті, тек өзімен өзі өмірді мәнге толтыратындай және еш кемшіліксіз болуы тиіс. Бұл бақыттың (*eudaimonia*) қасиеттері» [6, 335 б.].

Аристотель игіліктерді жіктеу барысында «құндылық» және онымен байланысты «құнды деп бағаланатын (қастерлі)», «құнды» ұғымдарын қарастырады: «игіліктердің біреуі құнды деп бағаланатындарға, екіншілері – мадақтайтын заттарға, үшіншілері – мүмкіндіктерге жатады. Құнды деп бағаланатынды мен құдіретті, ең үздік игілікті, мысалы жан, ақыл, яғни бастапқы, алғашқы қағида және сол секілдіні айтамын. Бұған қоса, құнды деп бағаланатын - қастерлі, сондықтан осындай тұрғыдағы заттар барлығының құрметінде» [7, С.300]. Сонымен, Аристотель философиясында құндылықтар болмыстың алғашқы бастамасы ретінде онтологиялық негізде қарастырылады. Сонымен бірге, ол үшін құнды заттардан тыс дербес бола алмайтын, сондықтан идеалды және реалды болмысты жақындататын мән.

Эллинизм дәуіріндегі жеке, индивидуалды болмысқа мән беру құндылық (игілік) ұғымын қарастыруда жаңа бағыт берді. Кинизм өкілдері қоғамда үстемдік ететін құндылықтарды қайта қарастыруға, қайта бағалауға ұмтылыс жасады, олардың объективтілігінен, бұлжымастығынан бас тартты. Антисфен бақытты болуға мүмкіндік беретін ізгілік ең жоғарғы игілік болып табылады деп тұжырымдады. Стоиктер үшін құндылықтар мәселесі басты мәселелердің бірі болып табылды. Мысалы, Диоген Лаэртский: «құндылық, біріншіден, кез келген ізгілікке тән үйлесімді өмірге қолдау көрсету, екіншіден, табиғатқа сәйкес өмірге қолдау көрсететін қандай да бір келістірушілік немесе пайда, үшіншіден, тауардың айырбас бағасы...Көңілге жағымдысы – құндылығы бар нәрсе, мысалы, дарындылық, өнер, кемелдену және осы секілді жанның қасиеттері немесе өмір, денсаулық, күш, әл-ауқат, жарымжан болмау, байлық, даңқ, атақтылық және осындай дененің қасиеттері», - деп жазады [8, С.235-236]. Сонымен, стоицизмде құндылық объективтілікпен, жалпыға бірдей маңызды және пайдалы болумен тығыз байланысты.

Плотиннің іліміндегі ең жоғарғы құндылық Бірлік, онсыз сұлулықтың да, махаббаттың, ақиқаттың болуы мүмкін емес. Алайда Бірлікті оң, жағымды сипаты жоқ, танылмайды және

бойында өзгешелік жоқ деп түсіндіреді. Жалпы алғанда антика дәуірінің философиясы жалпыға ортақ ақыл-парасаттылық қағидаларының, игіліктің, ақиқаттың басымдылығымен ерекшеленеді. Дегенмен, осы дәуірде субъективизм мен индивидуализмнің қалыптасу үрдістері байқалады. Бұл үрдістер құндылықтар әлеміне де қатысты.

Орта ғасырларда, бір жағынан, классикалық антикалық құндылықтарды қайта бағалау, екінші жағынан, жаңа нормативтік құндылықтар ретінде діни сананың құндылықтарын орнықтыру жүзеге асты. Ол Жаратушы идеясында ақиқат, жақсылық және сұлулық құндылықтарын біріктірді. Христиандық діни ілімнің және христиандық философияның өзіндік құндылықты сипаты бар және олар субъективті болмыспен барлық игілік пен даналықтың бастауы болып табылатын әлемнің объективті ең жоғарғы құндылығының арақатынасын айқындауға ұмтылды. Осыған орай, антикалық дүниетанымға белгісіз сенім, ар-ождан, махаббат, үмітке толы адамның ішкі әлемінің құндылығы артады. Августин Жаратушының сұлулығын ішкі, мәңгі, жүрекпен қабылданатын сұлулық ретінде қарастырады: «Мен өз Жаратушыма құштар болғанда әлдебір жарық және әлдебір дауыс, әлдебір жұпар иіс және әлдебір тағам және әлдебір құшаққа құштар боламын; бұл жарық, дауыс, жұпар иіс, тағам, құшақ менің ішкі адамыма тән – кеңістікпен шектелмеген жарық нұрын шашатын, уақыт үнін өшіре алмайтын дауыс шығатын, жел жан жаққа сейілте алмайтын жұпар иіс шашқан менің жанымда...» [9, С.152]. Августин Жаратушы идеясын тек адамгершілік қадір-қасиетімен ғана емес, эстетикалық ерекшелікпен толықтырады: «Құдайым, Әшекейім менің, ... шебер қолдар жаннан сұлулық туралы біледі, ал оның бастауы жаннан жоғары тұрған Сұлулық ... шеберлер мен әдемі заттарды ұнататындар одан барлық заттарды бағалаудың өлшемін алған...» [9, С.171]. Августиннің құндылықтар әлемін ақыл арқылы емес, ерік пен махаббат арқылы тануға болады. Жоғары әлемді тұлғалық деңгейде қабылдау, оның сезімдік-еріктік негізі бірінші рет тұлғаны және оның ішкі әлемін қайталанбайтын ерекше субстанция, ашық болмыс ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Орта ғасырлық патристикада құндылықтардың аражігін ажыратпайды, өнегелік, эстетикалық, интеллектуалдық біртұтас құбылыс ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, жоғарғы, күдіретті құндылықтарды күнделікті, пенделік өмірге тән құндылықтарға қарсы қою орын алады, адамның шынайы болмысына мән берілмейді. Оған тек Қайта өрлеу дәуірінде көңіл бөліне бастайды.

Қайта өрлеу дәуірінде шынайы және идеалды болмыстардың құндылықтарын біріктіру жүзеге асырылады: пантеизм арқылы пенделік жоғарғы құндылықпен толықтырылады, сонымен бірге пайдалылық тұрғысынан құнды болып саналады. Еуропалық аксиологияда прагматизм мен функционализм дәстүрінің орын алуын Лоренцо Валланың «Ақиқат және жалған игілік туралы» диалогынан көруге болады: «Үлкен шығынға қарағанда аз шығынды қалағандай, үлкен пайданы көздейтін үлкен игіліктерді кіші игіліктерден артығырақ көреді» [10, С.98]. М. Монтень өзінің «Тәжірибелерінде» құндылықтардың мәні мен рөлін жете түсінуге көңіл бөледі: «Заттардың құндылығы олар туралы біздің пікірімізге тәуелді екенін тым болмаса олардың арасында біз оларды жай бағалау үшін ғана емес, өзімізге қатысты бағалау үшін қарастыратындардың көп болуынан көруге болады» [11, С.36]. Автор «біз жұмсаған еңбек қанша болса, біз еңбек ету арқылы қол жеткізген зат біз үшін сонша тұрады», - деген тұжырым жасайды [11]. Бұл тұжырым материалдық құндылықтарға қатысты дұрыс болуы мүмкін, бірақ витальды (өмірлік), өнегелік, эстетикалық құндылықтар көп жағдайда еңбекпен өлшенбейді.

Рационализм дәуірі өзімен бірге жаңа құндылықтарды әкелді. Олардың арасында ақыл, ерік еркіндігі, тәжірибелік пайдалылық, ғылым, прогресс ең негізгілері болды. Оларды негіздеу Ф. Бэкон, Р. Декарт, Б. Спиноза, Г.В. Лейбниц, Т. Гоббстың еңбектерінде жүзеге асты. Олар құндылықтарды негіздеудің рационалистік нұсқасын қалыптастырды. Бұл тәсілдеме бойынша, құндылықтар субъектінің саналы-ерікті ұмтылыстарына негізделген белсенділігі нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Р. Декарт «Әдіс туралы пайым» еңбегінде: «біздің пайымымыз бір нәрсені жақсы немесе жаман деп көрсеткен жағдайда ғана біздің еркіміз оны қолдайды немесе одан алшақ болуға тырысады», - деп жазады, яғни нені, қандай құбылысты құндылық деп қабылдау ақыл-ойдан туындайды [12, С.441]. Б. Спиноза үшін құндылықтың тасымалдаушысы нақты саналы субъект емес, «адам табиғатының нұсқасы» көрініс тапқан жалпы идеяның білдіретін қандай да бір жалпы субъект. Сонымен бірге, құндылық «ақыл-ойдың жетекшілік етуімен» өмір сүретін барлық адамдар үшін ортақ болып табылатын жоғарғы игілік идеясымен байланыстырылады [13].

Г.В. Лейбництің жоғарғы құндылық пен игіліктің негізін жаратушы тұлғасымен байланыстыруы құндылықтар табиғатын антропология тұрғысында қарастырудан өзгеше тұжырымдама болып табылады. Біз оның ілімінен орта ғасырлық теологиялық аксиологияның қайта жаңғыруын емес, өзіндік жаңа, еуропалық философиялық ойлау жүйесінен өзгеше

тәсілдемені көреміз. Лейбниц іліміндегі ең жоғарғы құндылық ретінде үйлесімділік идеясы қарастырылады. Оның «сұлулығы теңдессіз» және ол әлемнің негізі, оның мәні және күдіретті теодиция [14]. Көбінесе философияның дәстүрлі шығыстық үлгісіне тән қарама-қайшылықтардың тепе-теңдігі, сәйкестігі идеясы еуропалық ғалымның еңбегінде рационалистік тұрғыда негізделеді. Ол әлемді «әсемдікке толы реттелген тұтастық, яғни оны түсінгенге шексіз қанағаттану сезімін әкелетіндей құрылған тұтастық» ретінде түсінеді [14]. Түсінудің өзі таза рационалды сипат алады және «Дана ақыл» Жаратушының және оның жаттанған ұқсастығы адамның қасиеті болып табылады, ал игілік кемелденуге жетелейтін пайдалы және адамгершілік сипаттағы нәрсе [15]. Лейбництің осы тұжырымы аксиологияның кейінгі кезеңдеріне тән құндылықты мәнділік ретінде қарастыруға негіз болды.

Т. Гоббс өзінің «Левиафан» атты шығармасында құндылықты экономикалық мәні бар адам қажеттілігінің нәтижесі ретінде қарастырады: «Адамның құны немесе құндылығы, басқа заттар секілді оның бағасы болып табылады, яғни оның күшін пайдалану үшін қанша берсе, сонша болады, сондықтан ол абсолютті зат емес, ол оған деген қажеттілікке және басқаның бағалауына тәуелді» [16, С.66-67]. Гоббс әртүрлі жағдайда құндылықтардың салыстырмалы болуы, олардың қоғамдық қатынастарға тәуелді болуы туралы, басқаша айтсақ олардың объективтілігі туралы пайымдайды: «Адамдар өздерін өздері қаншалықты жоғары бағаласа да (көпшілігі осылай істейді), олардың шынайы құны оларды басқалардың бағалауынан жоғары емес» [16, С.67]. Гоббс қоғамдық сипаты бар құндылық деп игілікке, сұлулыққа, білімге, өнерге, абырой мен құрметке жетудің мүмкіндігі ретінде күштілікті (қуаттылықты) қарастырады, яғни экономикалық пайымдаудан әлеуметтік-саяси және адамгершілік тұрғысында ой қорытуға бет бұрады.

Құндылықтарды таза экономикалық тұрғыда қарастыру Дж. Локктың құн теориясында көрініс тапты. Бұнда құндылық тауарлардың эквиваленттілік өлшемі болып табылады және пайдалылықпен тығыз байланысты. Еңбек қандай да бір заттың құны ретінде құндылықтың негізі болып саналды, ол «жердің құнының үлкен бөлігін құрайды» [17, С.286]. Құндылықты таза экономикалық тұрғыда түсіндіру дәстүрі ағылшын саяси экономикасы тән, кейін ол марксизмде жалғасын тапқан болатын.

Ағылшын скептизмінің негізін қалаушы Д.Юм құндылықтар мәселесіне терең қарастырған. «Адам пайымдауын зерттеу» еңбегінде себептілік және еркіндік мәселесі тұрғысынан өнегелік, таңдау жасау, өнегелік бағалау мәселелеріне көңіл бөледі. Ол еркіндік өнегелік немесе өнегелік емес деп бағаланатын әрекеттердің маңызды негізі болып табылады деген тұжырым жасайды: «еркіндік...өнегелік үшін де маңызды» және «адамдардың еркіндіксіз әрекеттерін өнегелік тұрғысынан бағалауға болмайды» [18, С.134]. Теодицияға қатысты дәлелдерді жеткіліксіз деп танып, Юм игілік ұғымы мен Жаратушы ұғымы арасында байланыстың болуы мүмкін емес дейді. Ол бұлай болмаған жағдайда себептілік пен қажеттілік заңына сәйкес Жаратушы күнәнің және қылмыстық іс-әрекеттің шарты деп мойындау қажет болады түсіндіреді: «Біріншіден, егер адамдардың іс-әрекеттерін қажеттілік тізбегі арқылы оның бастауы - Жаратушыға дейін қарастыру мүмкін болса, онда олар өздері бастау алатын Мәннің шексіз кемелдігі нәтижесінде ешқашан қылмыстық сипатта болмайтын еді... Екіншіден, егер олар қылмыстық сипатта болса, біз Жаратушыға тән деп білетін кемелдік атрибутынан бас тартуымыз керек және оны өзі жаратқанның барлығының күнәлі болуы мен азғындығының бастапқы себепшісі деп мойындауымыз қажет» [18, С.135-136]. Юм субъективті тәсілдемеге гносиологиялық негіздеме мен дәлелдер келтіре отырып, құндылықтарды идеялар мен ақыл-ой әсерінің субъективті болмысы әлеміне жатқызады. Ол: «өздігінен алғанда объектілердің абсолютті түрде қандай да бір құндылығы және қандай да бір маңызы жоқ. Олар өз құндылығын аффекттен шығарады», - деп пайымдайды [19, С.678]. Яғни Юм еуропалық философияның жалпы алғанда құндылықтар идеясын әлем идеясымен қатар қоюға ұмтылуынан бас тартады және құндылықтар субъектінің өзіндік дамуының нәтижесі деп анықтайды. Олар субъектінің объектіге қатынасында көрініс табады, бірақ оған тең емес. Сонымен қатар, Юм көпшілік мойындаған және «өздігінен құнды» деп анықтауға болатын құндылықтар мен ізгіліктер бар деп есептейді.

Ағартушылық дәуірдің айшықты көрінісі романтизм аксиологиялық ұғымдардың этикалық және эстетикалық қырларына көбірек көңіл бөлді. Ағартушылық ақиқат идеясының көрінісі ретінде, эстетикалық тәрбие сұлулық идеясының көрінісі ретінде ағартушылар үшін жеке тұлғаны игілендірудің және жалпы қоғамды үйлесімді студің құралы болды. Өз шығармаларында адамзат баласының табиғи ахуалы мен өркениеттің пайда болуын, әлеуметтік теңсіздіктің шығуын қарастырған «қоғамдық келісім» туралы идеяның авторы Ж.-Ж. Руссо «Эмиль немесе Тәрбие туралы» еңбегінде адамның шын мәнінде кім екенін анықтайтын тәрбие жүйесін ұсынады.

«Мұндай тәрбиенің мақсатын ол «Савойя викарийінің ғибадатында: «Ар-ождан – ізгілікті сүю үшін, ақыл-ой – оны білу үшін, ал еркіндік оны таңдау үшін қажет», - дейді [20, 145 б.].

Құндылық ұғымын одан ары қарастыру, оның мәнін айқындау неміс классикалық философиясында жалғасын табады. Ол жеке зерттеу жұмысының тақырыбы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 М. Хайдеггер. Положение об основании. Статьи и фрагменты. - СПб.: Лаборатория метафизических исследований философского факультета СПбГУ; Алтейя, 2000. - 290 с.
- 2 Қуанышбаева Ж.Ж. Жаһандану жағдайындағы ұлттық құндылықтар // ҚазҰПУ-нің Хабаршысы: Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. - №4(40), 2012.- 132-137 бб.
- 3 Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридата дейін. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. - 216 б.
- 4 Платон Сочинения в четырех томах. Т. 3. Ч. 1 / Под общ. ред. А. Ф. Loseva и В. Ф. Asmusa; Пер. с древнегреч. — СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та; «Изд-во Олега Абышко», 2007. - 752 с.
- 5 Аристотель. Собрание сочинений в 4-х томах. Том 4. М.: Мысль, 1983. - 830 с.
- 6 Кенни Энтони Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том, Антика философиясы. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. - 408 б.
- 7 Лосев А.Ф. История античной эстетики. Аристотель и поздняя классика. М.: Издательство ФОЛИО, 2000. – 880 с.
- 8 Диоген Лаэртский О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. - М.: Мысль, 1986.— 571 с.
- 9 Августин Аврелий. Исповедь // Одиссей. Человек в истории. М., 1989. – 198 с.
- 10 Эстетика Ренессанса: Антология в 2 т., т. 1. М.: Искусство, 1981. – 495 с.
- 11 Монтень, М. Опыты. Избранные главы / пер с фр./ Мишель Монтень. - Ростов-на-Дону: Феникс, 1998. - 544 с.
- 12 Декарт Р. Избранные произведения. М.: Политиздат, 1950.- 712 с.
- 13 Спиноза Б. Сочинения. В 2-х томах. Т. 1. - Изд. 2-е.- СПб.: Наука, 1999.- 489 с.
- 14 Лейбниц Г.В. Соч.: в 4 т. М., 1982. Т. 1. – 636 с
- 15 Лейбниц Г.В. Соч.: в 4 т. М., 1982. Т. 3. – 734 с.
- 16 Гоббс Т. Соч.: в 2 т. М.: Мысль, 1991. Т. 2. – 622 с.
- 17 Локк Дж. Соч.: в 3 т. М., 1988. Т. 3. – 668 с.
- 18 Юм Д. Исследования о человеческом разумении. М., 1995. – 240 с.
- 19 Юм Д. Сочинения в 2-х томах. М.: Мысль, 1996.- т.2.- 800 с.
- 20 Реми Хесс Философияның таңдаулы 25 кітабы.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. - 360 б.